



# Жоғарғы Қайта өрлеу өнері

# Қайта өрлеу дәуірі ұғымына анықтама

- **Ренессанс** немесе **Қайта өркендеу дәуірі** ([итал. Rinascimento](#), ол [итал. ri](#) – «қайта» және [итал. nasci](#) – «туылу» сөздерінен құралған тұрақты термин) — XIV-XVII ғасырларға аралығындағы [еуропалық](#) жаңа мәдениет қозғалысы. Ол [орта ғасырдың](#) соңында [Италияның](#) орталық өңіріндегі қалалар – [Флоренция](#), [Милан](#) қалаларынан басталып, еуропаның өзге елдеріне кеңейген. Ренессанс сөзі бұл күндері ауыспалы мағынада "Өркендеу, гүлдену, жаңару, көркею, қайта серпілу" секілді мағыналарды береді. Ренессанс дәуірінде ежелгі [антикалық мәдениетке](#) қайту, ежелгі [грек-рим мәдениеті](#) мен [философиясынан](#) үйрену, сурет пен бейнелеу өнерінде, өнер мен әдебиетте тегіс гуманизмді (адамгершілікті), пантеизмді (табиғат құдайшылдығы), [натурфилософияны](#) негіз еткен тың шығармашылық сынақтарын жасау, [католик дінінің](#) озбырлықтарына ащы сын айту, дінді [реформациялау](#), [протестантизм](#), [гелиоцентризм](#), [утопия](#), [жаңа теңіз жолдарының толассыз ашылуы](#) секілділерде көрініс тапты.

# Жаңа дәуір сипаты

- Тұңғыш рет Еуропа діни идеялар негізінде емес, жалпы адамзаттық гуманистік идеялар рухында бірігуге мүмкіндік алды. Бұл дәуір адамзат тарихындағы сындарлы заман болды. Еуропа бастан кешірген бұл өтпелі кезең — қоғамдық-саяси және мәдени өмірде елеулі орын алды: Экономика саласында — бұл географиялық ашулар заманы мен капиталдың алғашқы қорлану заманы, отарларды жыртықшылықпен бөліп, басып алынған халықтарды айуандықпен тонау заманы, отаршылдық соғыстар заманы болды. Саясат саласында — тәуелсіздік үшін күрес заманы болды. Жаңадан қалыптасып келе жатқан жас буржуазия мүдделері басымдылық танытып «бюргерлік мәдениеттің» барған сайын ұлттық сипатқа ие бола бастау заманы болды. Толассыз соғыстар, отаршылдардың айуандық әрекеттері және соның нәтижесінде тереңдей түскен таптық қақтығыстар, халыққа қырғидай тиген түрлі аурулар эпидемиясы, талай дарынды еркін ой иелерін отқа жаққан инквизиция оттары, толассыз діни соғыстар — осылардың бәрі Еуропа халықтарының өткен тарихы, дәуір сипаты болды.

# Италияндық Ренессанс

- Ренессанс «көпте жаңғыру» термині осы дәуірдің белгілі суретшісі, сәулетшісі және өнер тарихының асқан білгірі [Джорджо Вазари](#) (1512—1574) өзінің «Жизнеописание наиболее знаменитых живописцев, ваятелей и зодчих» (XVI ғасыр) деген еңбегінде алғаш рет қолданған. Демек, бұл терминнің мағынасы — көне заман мәдениетін жаңғырту болып табылады.





- Белгілі ғалым — гуманист, Леонардо Бруни (1370—1444 жылдары) «гуманизмді» адамның өмірі мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріне қатысты дүниелерді танып-білумен және адамды рухани жағынан жетілдіріп, оны әсемдікке, ізгілікке баулитын жағдайларды ғылыми тұрғыдан зерттеп білу деп түсінді. Оған: [поэзия](#), [грамматика](#), [риторика](#), [тарих](#), [философия](#), [музыка](#) және т.б. жатқызды. Сөйтіп көне мәдениет құндылықтарын игеруде басты рөлді гуманитарлық ғылымдар атқарады деп есептелді. Бұл кезеңде қоғамды мәдени тұрғыдан қайта құруды мақсат еткен білімді, рухани байлығы мол Еуропа [интеллигенциясының](#) қалыпта су процесі басталды. Қоғамда алатын орнына, қызмет дәрежесіне, байлығына, тіпті тұрмыс-тіршілігінің әр түрлілігіне қарамастан, оларды ортақ мақсат біріктірген болатын.


# Бейнелеу өнері



- Ренессанс мәдениетінің өкілдерінің ішінде сол дәуірдің тынысын терең сезінген, сол бір аласапыран кезең мен жарық дүниенің әсемдігін, адамның жан-дүниесін өнер туындылары арқылы бере білген алып тұлғалар болған. Солардың бірі — өнер алыбы [Леонардо да Винчи](#) (1456—1519 жылдары). Өз заманында ол айналыспаған ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің бірде-бір саласы болмаған. Ол әрі мүсінші, әрі суретші, әрі математик, әрі инженер, әрі геолог, әрі философ, әрі ақын, әрі физик т.б. болған. Сегіз қырлы, бір сырлы Леонардо да Винчи ұшу аппаратының қанатының, токарь станогының жобаларын жасады. Леонардо да Винчи — сонымен қатар ғылымның әр саласына байланысты жазылған әр тақырыптағы ғылыми трактаттардың авторы.

Леонардоның керемет ұлы туындысы және барлық замандардағы ең ғаламат суреттерінің бірі — «[Ең соңғы қонақасы](#)». [Миландағы Санта-Мария-делле-Грацие](#) шіркеуіндегі бұл сурет бізге жартылай бүлінген күйінде жетті. Бұл суретте [Христос](#) барлық сезімдер орталығына айналған, оның ішкі жан-дүниесі, қайғысы мен сабырлылығы — заңды құбылыс. Шығармада көрсетілген [драманың](#) терең мәні де осында болар, өйткені мұндағы сатқын, опасыз Иуданың сол бір құпия кештегі келбетінің өзі де үлкен шеберлікпен берілген. Жаугершілік, қиын-қыстау заманда салынған бұл сурет екінші жағынан заман талабынан туған, мәңгі өшпес тақырыпқа арналған патриоттық шығарма болып табылады.





- Дүниені дүр сілкіндірген, бұл күндері [Париждегі Лувр](#) музейінің інжу-маржаны болып отырған «[Мона Лиза](#) — Джоконда» туындысы ғасырлар бойы көрген адамды таңғалдырып келеді. Леонардо «Джоконданы» салуда ұзақ еңбектенді, қажымай-талмай жетілдіре түсудің нәтижесінде артына баға жетпес асыл мұра қалдырды. Оның көркем мұрасы сан жағынан алғанда онша көп болмаса да, оның бірде-бірін мыңмен айырбастауға болмайды, бәлкім оның қаламының күдіреті де осында болар.



## “Мадонна Литта”

Авторылар: [Леонардо да Винчи](#), [Джованни Боттичелли](#)

Көлемі: 42 см x 33 см

Орналасуы: [Мемлекеттік Эрмитаж](#)

Жанр: Христиандық өнер

Ағым: Жоғарғы Қайта өрлеу

Салынған жылы: 1490 г.



# «Святая Анна с Мадонной и младенцем Христом»

Автор: [Леонардо да Винчи](#)

Көлемі: 1,68 м x 1,12 м

Орналасуы: [Лувр](#)

Ағым: Жоғарғы Қайта өрлеу

Жанр: Христиандық өнер, Тарихи  
кескіндеме

Тақырып: Богородица, Қасиетті  
Анна



## “Мадонна в скалах”

Автор: [Леонардо да Винчи](#)

Көлемі: 1,99 м x 1,22 м

Орналасуы: [Лувр](#)

Салынған жылы: 1483 г.–1485 г.

Жанр: Христиандық өнер, Тарихи кескіндеме


Ағым: Қайта өрлеу



Осы орайда өнер тарихындағы ұлылардың бірі — [Рафаэль Санти](#) (1483—1520 жылдары) нағыз кемелді шағында — 37 жасында қайтыс болғанына қарамастан, артына мәңгілік өшпес мұра қалдырды. Оның атақты туындысы — [«Сикст мадоннасы»](#) Меккедегі қара тас арабтар үшін қандай киелі болса, «Сикст мадоннасы» еуропалықтарға да сондай қасиетті дүние



Рафаэль өзінің әйгілі болған шығармалары «Афины мектебі», «Конестабиле құдай — ана», «Парнас» және басқаларында гуманизм идеяларын кеңінен насихаттап, адамның әлі де ашыла қоймаған рухани мүмкіндіктерін ашып көрсетуге тырысады.



# “Обучение Девы Марии”

Автор: [Рафаэль Санти](#)

Орналасуы: [Пинакотекка Брера](#)

Жанр: Христиандық өнер

Ағым: Жоғарғы Қайта өрлеу

Салынған жыл: 1504 г.



# “Триумф Галакатеки”

Автор: [Рафаэль Санти](#)

Орналасуы: [Вилла Фарнезина](#)

Ағым: Жоғарғы Қайта өрлеу



## “Сон рыцаря”

Автор: [Рафаэль Санти](#)

Жанр: Тарихи кескіндеме

Ағым: Жоғарғы Қайта өрлеу

Салынған жыл: 1504 г.

Орналасуы: Лондон ұлттық галереясы






# Мүсін өнері

- Адамзат қоғамына мәңгілік рухани азық болған шығармалардың авторы, тасқа тіл бітірген теңдесі жоқ мүсінші, тамаша қыл қалам шебері, сәулет өнерінің сарбазы, өнердің қай саласының болсын майталманы — атақты [Микеланджело](#) еді. Оның өнерінің ішіндегі қай туындысын алсаңыз да, алдымен адамды, оның ақыл-парасатын, оның бойындағы ізгілік қасиеттерді аңғарамыз. Микеланджелоның атақты мүсіндері — «Давид», «Моисей», «Бұғаудағы құл», «Өлім халіндегі құл» және т.б. қатар «[Құдай — ана — Дони](#)», «[Кашино түбіндегі шайқас](#)» сияқты суреттерінде қасірет шеккен халықтың қилы тағдыры, оның азаттық үшін күресі, ана жүрегі, ана махаббаты, сәулелі болашақ пен өмірдің сан-салалы көріністері нанымды берілген.



Оның атақты «Давид» мүсіні туралы Вазарий таңдана былай деп жазды: *«Микеланджелоның қолынан шыққан Давидтің алып мүсіні қазіргі кез бен ежелгі дүниеде Грекия мен Римде жасалған мүсіндердің даңқын тартып алды»* <sup>[4]</sup> Шындығында да, тұла бойы ерлік пен күшке толы, өз ісінің әділдігіне сенімді, қуатты да сүйкімді Давидтің мүсіні азаттық аңсаған елдің айбынды батырының, табиғат күштерін бойына жинақтаған ұлы адамның бейнесі болатын. «Давид» мүсіні дүниеге келген күн — Италияда ұлттық мейрам болып жарияланды, бұл өнер туындысына, жалпы өнер атаулыға деген халықтың асқан құрметі болатын.



# Әдебиет

- «Құдіретті комедия» Данте — Қайта өрлеу дәуірінің ең атақты туындысы. Данте поэзиясының кереметтігінен бұрын, «Құдіретті комедия» өз дәуірінің ең жақсы жерлерін: ортағасырлық шіркеу түсінігі және Қайта өрлеуге деген талпыныс. Дантенің «Комедиясы» — бұл Құдайға басұрушылық, махаббат поэмасы, Антикаға деген құрмет пен адам бойындағы асыл қасиеттерді мойындау. Бұл эстетикалық талғамы жоғары ғана мәтін ғана емес, бұл өмірлік философия.



# Философия

- Немістің гуманистік әдебиетінің белгілі өкілдерінің бірі — [Иоганн Рейхлин](#) (1455—1522 жылдары) — «Письма темных людей» деп аталатын атақты сатиралық шығарманың авторы. Ол бұл еңбегінде ғылыми атақтары бар магистр мен бакалаврлардың қара ниетін айыптап, қоғамдық өмірді сынға алды.



- Нидерландыдағы Ренессанс алыбы [Эразм Роттердамский](#) (1496—1536 жылдары) болды. Ол өзін «әлемнің азаматымын» деп атады. Эразмның «Есерсоқтықты мақтаған сөз», «Үйдегі әңгіме» сияқты өмірдің сан-саласын қамтитын сатиралық шығармалары Германияға, Францияға, Испанияға, Англияға кеңінен тарады. Ол өз шығармаларында [корольдер](#) мен [князьдердің](#), [феодалдардың](#) саяс и озбырлықтарын әшкерелеп, халыққа қайғы-қасірет әкелетін соғыстарды сынға алды.



- Англияда гуманистік идеялардың орталығы — [Оксфорд](#) университетінде өз заманының алдыңғы қатарлы ғалымдары — Гросин, Линакр, Колет және т.б. жемісті еңбек етті. Әлеуметтік философия саласындағы гуманистік қағидалардың дамуы «Утопияның» авторы [Томас Мордың](#) (1478—1553 жылдары) есімімен тығыз байланысты болды. XVI ғасырдың бірінші жартысында көркем әдебиет саласында драматургия алдыңғы орынға шықты. «Қаңғыбастар» ретінде қатаң жазалану қаупіне қарамастан, елде актерлердің «Қыдырма» топтары көбейе түсті.



# Театр

- XVI ғ. Лондонда байлар үйлеріндегі жеке меншік театрларды есептемегенде, 9 театр жұмыс істеді. Солардың ішіндегі ең ірісі — «Глобус» театры — ағылшын халқының ұлы драматургы, ағылшын Ренессансының алыбы — [Уильям Шекспирдің](#) (1564—1661 жылдары) шығармашылығымен тығыз байланысты болды. Ерекше атап өтетін бір жайт, ағылшын театрларына барлық сословиенің өкілдері — ақсүйектер де, шенеуніктер де, көпестер де, жұмысшылар мен шаруалар да, қолөнершілер де бара алатын, сондықтан да болар, театр өнерінің өрге басуы, оның демократиялық сипаты — ағылшын қоғамындағы демократиялық жүйенің қалыптасуына ерекше ықпал жасады. Шекспирдің шығармашылығы гуманистік идеяларға толы болды. Оның қыл қаламынан шыққан «[Гамлет](#)», «[Король Лир](#)», «[Отелло](#)», «[Юлий Цезарь](#)», «[Асауға тұсау](#)», «[Генрих VI](#)», «[Ричард III](#)» сияқты трагедиялары мен тарихи [пьесалары](#) дүниежүзілік даңқ пен құрметке ие болды. Жалпы алғанда, Жаңғыру дәуіріндегі театрдың дамуы Шекспирдің атымен тығыз байланысты.

